

Мамандық бойынша тест: 1 - пән Көркем еңбек, графика және жобалау әдістемесі

1. Оқуды басқару және көшбасшылық бойынша білім берудегі даму мен өзгеріс негізі:

- A) Мұғалімді тыңдауға үйрету
- B) Тапсырманы уақытында орындау
- C) Дәстүрлі оқытуды жалғастыру
- D) Сын тұрғысынан ойлауға үйрету
- E) Ережелер мен қағидаға сүйену
- F) Оқушыны еркіне қалдыру
- G) Мұғалім жүргізетін даму жұмысы

2. Оқудың даму барысында өздігінен реттелетін оқудың үш элементі:

- A) Оқушы проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы
- B) Жетекші оқушының тапсырманы орындауына шек қою
- C) Жетекші оқушының әдебиеттер мен зерттеулерге сүйенгенін қадағалау
- D) Проблеманы шешу мен мақсатқа жету әдістерін өздігінен таңдауы
- E) Жетекшінің қолдау көрсету деңгейінің болуы
- F) Оқушыға үнемі бағыт беріп көмектесіп отыру
- G) Тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы
- H) Жетекші оқушыға тапсырма орындаудағы қателіктерін ескертіп отыруы

3. Қазақтың дәстүрлі үй жиһаздары:

- A) Сандық
- B) Кебеже
- C) Кереге
- D) Адырна
- E) Жетіген
- F) Торсық
- G) Жүкаяқ
- H) Шелек

4. Графика және жобалауды оқытуда AutoCAD компьютерлік бағдарламаларының атқаратын қызметі:

- A) Сандық сурет салуға
- B) Инженерлік графикада
- C) Виеоматериалдарды өңдеуге
- D) Сызу сызғанда
- E) Фотоматериалдарды өңдеуге
- F) Кітаптарды беттеуге
- G) Слайдтар көрсетуге

5. Қазақтың қошқар мүйіз ою-өрнектеріне жататын мотивтер:

- A) Геометриялық фигура
- B) Өсімдіктерге
- C) Жан-жануарлар
- D) Зооморфтық
- E) Шексіз өрнектер
- F) Ру таңбалары
- G) Космогониялық

6. Белгілі қазақстандық суретші Г.Исмаилованың танымал шығармалары:

- A) «Колхоз сүт фермасы»
- B) «Көкпар»
- C) «Қазақ вальсі»
- D) «Медеу көрінісі»
- E) «Қонақ келді»
- F) «Шолпан Жандарбекованың портреті»
- G) «Жамбыл Жабаяев»

7. Дизайнда Bauhaus стилінің негізгі ерекшеліктері:

- A) Болат пен бетонды алмастыратын жаңа материалдарды қолдану
- B) Ассиметрия мен нысанның басымдықтары функцияға бағынады
- C) Бетонды тас материалдармен алмастыру
- D) Құрылыста болат пен бетонды қолдану міндетті емес
- E) Ою-өрнектерді қатыстыра отырып жобалау
- F) Құрылыста болат пен бетонды қолдану
- G) Функционалдылық пайдасына оюдан бас тарту
- H) Ою-өрнектерді бетоннан жасау

8. Монотипия техникасындағы негізгі материал:

- A) Қағаз
- B) Левкас
- C) Темір
- D) Линолеум
- E) Пластик
- F) Әйнек
- G) Ағаш

9. «Графика және жобалау» оқу пәнінде оқушылар меңгеретін бағыттар:

- A) Догматикалық
- B) Теориялық
- C) Онлайндық
- D) Бағдарламалық
- E) Интегралданған
- F) Лингвистикалық
- G) Қолданбалы

10. Қазақтың киіз үйіне қажетті жіптен тоқып жасалатын бұйымдары:

- A) Түскиіз
- B) Бау
- C) Туырлық
- D) Үзік
- E) Уық
- F) Алаша
- G) Шаңырақ
- H) Басқұр